



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

А.М. Горький призывал к необходимости учиться «уважению друг другу». Быть человечным. Выкорчевывать лицемерие и лживость, потребительское отношение к людям, эгоцентризм и зависть. Быть доброжелательным.

В заботах о людях не забывать о человеке. Бороться с хамством. Как метко заметил один из врачей: «Инфаркт. А вначале было слово...»

Список использованных источников

1. Коробкин В.И, Передельский Л.В. Экология (высшее образование), изд.8-е, Ростов н/Д: Феникс,2005.С. 136,
2. Вронский В.А.Экология: словарь-справочник, Ростов н/Д, 2000.С.540,
3. Амандыкова С.Х. Учебное пособие по ПКРЯ для студентов национальных групп неязыковых факультетов вузов. Шымкент, 2010 С. 93
4. Материалы СМИ

ӘӨЖ (УДК) - 364.35(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ РЕФОРМАСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Абдуллаева Алия Талгатовна

Aliya-0508@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Әлеуметтік жұмыс 1 курс
магистранты

Ғылым жетекшісі: Есимова Д.Г, доктор PhD

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне өткен кезде (1998 ж.) еліміздің азаматтары үшін оларда 01.01.1998 ж. жағдай бойынша кемінде 6 ай еңбек стажы және 1995 жылдан бастап қатарынан кез-келген 3 жыл үшін жалақысы болған кезде бюджеттен ынтымақты зейнетақы алу құқығы сақталды. Толық зейнетақы тағайындау үшін міндетті еңбек стажы әйелдер үшін 20 жылды және ерлер үшін 25 жылды құрайды. /1/

Зейнетке шығар кезде еңбек өтілі болып, бірақ белгілі бір себептермен табысы туралы мәліметтерді тапсыра алмаған жағдайда ең төмен зейнетақы тағайындалады.

2013 жылы орташа зейнетақы мөлшері (1 наурыздағы жағдай бойынша) 32 582 теңгені құрайды.

Белгіленген жағдайларға қарай ынтымақты зейнетақыны тағайындау және төлеу шамамен 2043 жылға дейін сақталады. /6/

Алайда, әйелдер үшін 2018 жылдан бастап, ерлер үшін 2023 жылдан бастап зейнетақыны есептеуге ұсынылатын еңбек өтілінің қысқаруына байланысты зейнетақы толық емес және үнемі азайып отыратын мөлшерде тағайындалатын болады.

Министр С.Әбденовтың айтуынша, ҚР Үкіметі жанындағы ведомствоаралық жұмыс тобының шешімі бойынша әйелдердің зейнетке шығу жасын 63 жасқа дейін көтеру 10 жыл ішінде 6 ай ауыртпалық салмай өткізуге жол ашады. Мәселен, 58-ге келген әйелдер 58,5 жасында зейнетке шыға береді, яғни 6 айдан кейін. Ал 57-ге толғандар бір жылдан кейін немесе 58 жасында зейнетке шығады. /2/

Екіншіден психологиялық тұрғыдан дайын болуға және бейімделуге, үшіншіден, әйелдердің нәтижелі жұмыспен қамтылу мүмкіндіктерін кеңейту шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Әйелдерге 58 бен 63 жас аралығында зейнетке шығу бойынша таңдау берілуі керек.

Нақтырақ айтқанда, зейнет жасынан кейін жұмыс істеймін дегендерге шектеу қойылмайтындығы еліміздегі жалпыға бірдей еңбек құқығында нақты көрсетілген. Еңбек кодексінің 7-бабына сәйкес, қандай да бір белгісіне қарай, соның ішінде жасы мен

жынысына қатысты кемсітуге жол берілмейді. Яғни бізде зейнетке шыққан әйелге өзінің қызметін ары қарай жалғастыра беруге ешкім тыйым салмайды. Иә, әйелдер еркектерге қарағанда орташа есеппен есептегенде, шынымен де аз жалақы алады. Сондықтан олардың зейнет жинағы да ер адамдардан төмен болып келеді. Осы жағынан алғанда, әйелдер үшін зейнет жасына жеткеннен кейін де қызметін жалғастырудың материалдық жағдайын жақсартуға кәдімгідей көмегі тиеді.

Заңда көрсетілгендей, зейнет жасына жету дегеніміз адамның еңбекке жарамсыздығын білдірмейді. Мұнда көрсетілген жас тек зейнетақы төлемі жасалатын кезеңді айқындайды. Сондай-ақ статистикаға сәйкес, ерлерге қарағанда әйел адам өмір сүру деңгейі, денсаулығының төзімділігі жағынан мықты болып келеді. /5/ Сондықтан олардың қызметін жалғастыра беруге толықтай мүмкіндігі бар деп есептеймін. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, зейнет жасына дейінгі және зейнетке шығу мерзіміне жеткен әйелдерге арнап еңбекпен қамту бойынша арнайы бағдарлама қабылдап, оларға құқықтық кеңес жағынан көмектесу қажет. Осы істі үкіметтік емес ұйымдар, әлеуметтік қорғау қызметтері мен ұйымдары белсенді түрде қолға алатын болса, зейнет жасына жеткен адамдардың ары қарай еңбекпен қамтылу мәселесін белгілі бір деңгейде шешуге болады деп ойлаймын.

Халықтың жалпы санында қарт азаматтар үлесінің артуына байланысты туындаған Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіндегі объективті қиыншылықтардың пайда болуы нәтижесінде елдің зейнетақы жүйесін кешіктірмей реформалаудың қажеттілігі өткір сезілді. Оны жүргізудің негізгі принциптеріне мыналар кіреді: ұрпақтар ынтымақтастығы принципімен зейнетақыны дербес жинақтау принципіне өту және 1980 жылдардың басында басталған чилийлік ең озық үлгінің негізінде мемлекеттік зейнетақы жүйесінен мемлекеттік емес зейнетақы жинақтау жүйесіне көшу. Осыған байланысты 1997 жылдың наурыз айында ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалаудың тұжырымдамасын» мақұлдады және 1997 жылдың 20 маусымында ҚР «Қазақстан Республикасында Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» заңы қабылданды. /1/

Еліміздегі бірыңғай зейнетақы қоры 1-ші шілдеге дейін құрылады. Осы уақытқа дейін 11 зейнетақы қорының қаржысы біріктірілмек. Ал олардың ең тиімдісі ретінде Ұлттық банк қарамағындағы Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына таңдау жасалып отыр. Енді осы күнге дейін тапқан-таянғанының 10 пайызын қалаған жинақтаушы қорына ауыстырып келе жатқан әрбір отандасымыздың қаржысы 1-шілдеге дейін ортақ қорға біріктірілмек. Ал жұрттың жылдар бойы жиған-тергені кейін өздеріне қайтарылуына кепіл болу үшін таңдау Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қорына түскен. Бірыңғай зейнетақы қоры ескі жүйенің талаптарын бұзбайды. Жеке есеп-шоттар сақталады. Міндетті зейнетақы салымының барлық түрлеріне қатысты мемлекет кепілдік береді.

Қазір еліміздегі 8 млн салымшының зейнетақы қорларындағы қаражат соммасы 3 трлн. теңгеден асып жығылады. /2/

Бірыңғай ұлттық зейнетақы қорын құрудың нәтижесінде салымшылардың жеке шоттарын бақылауды қамтамасыз ету мүмкін болады. Салымшылардың жеке зейнетақы шоттарының жай-күйіне бақылау жасауды қамтамасыз ету, тиісінше мүмкіндіктер беру және салымшылардың мәліметтер базасының тазалығын сақтау, зейнетақы салымдары шоттарының инвестициялық табыстылығына бақылау жасау және мониторинг жүргізу өте маңызды. Сондықтан да, әрбір салымшының шотын басқару жұмысының тиімділігіне бақылау жасау қамтамасыз етіледі. Бірыңғай ұлттық зейнетақы қорын енгізуден біз осындай нәтижелерді күтеміз. Сонымен қатар ол, қор қаржысын шағын және орта бизнеске, сондай-ақ республика инфрақұрылымының дамуына инвестициялау жоспарланып отырғандықтан, шоттардың инвестициялық табыстылығы артады деді. /5/ Мұның барлығы инвестициялық табыстылықты қамтамасыз ету үшін жасалуда, оның нәтижесінде зейнеткерлікке шыққан адамға еңбек еткен жылдар ішінде тапқан табысын алмастыратын табыс алуға мүмкіндік беріледі.

Өз кезегінде, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ЖЗҚ-мен бірлесіп салымшылар шоттарының жай-күйі мен оны басқаруға талдау жасау бастамасын көтерді. Осылайша, аталған талдау шоттарды есептеу барысындағы проблемаларды анықтады. Мысалға, шот иелерінің көшіп кетуі немесе мүгедек болып қалуы сияқты жеке бас себептеріне байланысты 750 шот пайдаланылмаған. Қазақстанның зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін дағдарысқа ұшыратқан негізгі себептер мыналар:

1. Халықтың қартаюы, туудың азаюы, жұмыссыздықтың артуы нәтижесінде зейнетақы жасындағылар мен жұмыс істеушілердің арасындағы арақатынастың кемуі.
2. Бюджеттен тыс қорларға аударылатын міндетті аударымдар мөлшерінің жоғары болуы (жиынтық шамасы 32%-ке жетті) және төлемдермен байланыстың болмауы төлеуден бас тарту, бюджеттен тыс қорларға ұсынылатын есеп берулерде табысты азайтып көрсету, белсенді жарғылық қызметін тоқтатпаса да салық органдарына тіркелуден қашу секілді әрекеттердің тұрақты сипат алуына әкеп соқтырды. Зейнетақы қорларына түсетін түсімдердің аз болуы өз кезегінде төлемдердің азаюына және аз да болса төлеп тұратын төлеушілерді салықты мүлдем төлемеуге итерлемеген табыстың мағлұмдалған бөлігінен өндіріліп алынатын салықтың өсуін тудырады.
3. Зейнетақы жарнасының дербестендірілген есебінің болмауы қарттықты қамтамасыздандырудағы жеке жауапкершілік пен мүдделікті жойды.
4. Шаруашылықты дербес жүргізушілерге бақылаудың мүлдем болмауы. Мәселен, 1996 жылдың бірінші жартысында кәсіпорындар жарнасының сомасы 34,7 млрд теңгені құрады, ал шаруашылықты дербес жүргізулерден түскен жарна – 2,4 млрд теңге ғана.
5. Бюджеттен тыс қорлар қаражатының қалай пайдаланатыны бақыланбады.
6. Облыстардың жергілікті түсімдерден зейнетақыны төлеу бойынша мүмкіндіктері бірдей емес. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі түсімдерді қайта бөлудің тетігін жасады. Ай сайын жиналған 30% жарна республикалық шотқа бағытталып отырды. Министрлік бұл түсімді тапшылығы бар облыстарға бөліп береді. Оның үстіне, бұл тиімсіз. Табысы жоғары облыстар барлық жарнаны жинауға аса ынталы болмайды, өйткені олар – әсіресе, сақтап қойған 70% түсімдерінен өздерінің зейнеткерлеріне төлеуге мүмкіндіктері болса – олардың зейнеткерлерге төлейтін сомасынан асатын түсімдердің көп бөлігінен немесе барлығынан айырылып қалады. Қазақстан зейнеткерлер мен салымшылардың қайда өмір сүретініне қарамастан оларға бірдей қызмет көрсетілетін зейнетақы мен түсімдердің нақты ұлттық жүйесіне көшуі керек. /3/
7. Басқарудың екі жақты әкімшілік құрылымына әкелетін жергілікті жерлердегі үкіметтің орталықсыздандырылуы: бір жағынан – аймақтық деңгейдегі операциялар министрліктің бөлімшелерімен жүзеге асырылады, екінші жағынан – барлық аймақтық ұйымдар әкімдерге бағынады.
8. Зейнеткерлерге уақытылы төленбеген зейнетақы төлемдер ондаған миллиард теңгеге жетті.

Зейнетақы реформасын жүзеге асырудың нәтижесінде зейнетақыға кететін шығындардың үлес салмағы кеміп, өз кезегінде әлеуметтік сақтандыру бюджетінде қаржылық ресурстардың жинақталуын қамтамасыз ететін табыс өсті. Бұл ресурстарды мемлекеттік тұрғыдан қорландырылған зейнетақы сызбаларын нақты әрекетке енгізу үшін пайдалануға болады. /6/ Зейнетақы шығындарының үлес салмағының кемуіне нақты зейнетақы жасын ұзарту, сондай-ақ әлеуметтік сақтандырылған тұлғалардың үлес салмағын арттыру өз әсерін тигізуі керек. Бұл арада зейнетақы реформасы әлеуметтік сақтандырудың жүйесіне белсенді қосылуға, өз табыстарын толық ашып көрсетуге және өзінің еңбек ететін жылдарын ұзартуға халықты ынталандыруы қажет. Оның жүзеге асырылуы мемлекеттің макроэкономикалық жағдайына жағымды әсерін тигізеді деп болжанған болатын, мемлекеттік тұрғыдан қорландырылған зейнетақы мен жеке зейнетақы қорларының енгізілуі Қазақстанның капитал нарығын дамытуға ықпалын тигізетін ауқымды да, ұзақ мерзімді қаржылық капиталдың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жұмыс берушілерге арналған әлеуметтік сақтандырудың мөлшерлемесін кеміту және осы жүйеге кіруге мүдделік танытушылардың

көбеюі көлеңкелі экономиканың үлес салмағын кемітеді. Бұл себептер мемлекеттің зейнетақы жүйесін реформалауға әкеп соқтырады.

Жинақтаушы жүйенің артықшылығы мен кемшілігі. Жинақтаушы жүйенің басты плюсі — өз қарттығыңды өзің қамтамасыз етуге қатысу мүмкіндігің бар. Ал минусы — қорлар нарығына тәуелдісің. Құнды қағаздар бағасының нарықтағы толқуы азаматтардың жинағына әсер етеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жақсы төлемдер аударған азаматтарға соңыра анағұрлым жоғары зейнетақы алуға мүмкіндік жасайды. Бұл үшін жұмысшылар мен олардың жұмыс берушілерін төлем аударуға тұрақты түрде ынталандырып отыру қажет. Бірақ, тап қазір жоғары табыс табуға мүмкіндік беретін мұндай ынталандырулар өте аз әрі олардың бағасы қымбат. Бірқатар шетелдерде мемлекет зейнетақы төлемдері аударылымдарының сомасынан 100 пайыз қосымша төлейтін тәртіп бар. Бізде ол жоқ. «Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңға сәйкес, қазіргі зейнетақы жарнасы адам табысының 10 пайызын құрайды. /4/ Ел экономикасының формальды емес секторында азаматтардың жартысы декларацияланғаннан жоғары табысқа ие болса, біздің қорда салымшылардың 5 пайызы ештеңе аудармайды, жартысына жуығы не анда-санда аударды, не ең төменгі жалақыдан 10 пайыз ғана аударды. Сол себепті де аударымның ең төменгі мөлшерлемесін көтерген жөн сияқты, ол 10 пайыз болмауы керек. Бүгін жинақтаушы зейнетақы қорының жұмысы тек қор мен оның жарнасын арттыратын салымшыға ғана қатысты. Бұл кестеде жұмыс беруші — осы зейнетақы жарнасын төлеуге қатысты агент. Бірақ жұмыс берушінің ақшасы салымшының зейнетақы шотына түспейді. Әйелдердің зейнетақы жасына келсек, біздің қоғамда нәзік жандылар, әдетте, материалдық жағынан ерлерге қарағанда аз қорғалған. Олар декреттік демалысқа шығады. Шынында да әйелдердің табысы ерлерден анағұрлым төмен. Олар зейнеткерлікке шыққанда, бұлардың қаржысы ынтымақтастық жүйеге де (өйткені жұмыс өтілі жоқ), жинақтаушы жүйеге де (ол онда ештеңе аудармаған) жетпейтін болады. Мұндай әлеуметтік мәселемен бізде енді 10-20 жылдан кейін зейнеткерлікке шығатын әйелдер кездеседі.

Қолданылған әдебиет

1. «ҚР Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» ҚР 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңы
2. Г. Н. Әбдіқалықова., Әрбір зейнеткер мемлекет назарынан тыс қалмайды. «Айқын» 30.08.11.
3. Әбдіқалықова, Г. Зейнетақы жүйесін жетілдіру маңызды міндет // Егемен Қазақстан. — 2012. - 3 ақпан
4. Орынтаева, Г. Зейнетақы және әлеуметтік төлемдер туралы // <http://bigox.kz/kazakstanda-zejnetaky/>
5. www.inform.kz. Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі тұрақты жұмыс істеп тұр.
6. Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы (2014.31.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) <http://online.zakon.kz/>

УДК 316

БЕЗРАБОТИЦА СРЕДИ МОЛОДЕЖИ И ПУТИ ЕЁ РАЗРЕШЕНИЯ. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ОПРОСА

Абдрахманова Б., Кабдылов А.

[<janito1@mail.ru>](mailto:janito1@mail.ru)

студенты 2 курса Университета «Туран-Астана», Казахстан
Научный руководитель – к.и.н. Г.Б.Сугралимова